

**"Жерге орналастыру", "Тозған жерлерді мелиорациялау", "Жайылымдарды суландыру" кәсіптік стандарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 10 қазандағы № 364 бұйрығы.

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жерге орналастыру" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Тозған жерлерді мелиорациялау" кәсіптік стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жайылымдарды суландыру" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық ғылым және білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрінің*

*міндетін атқарушы*

*А. Сұлтанов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

2025 жылғы 10 қазандағы

№ 364 бұйрығына

1-қосымша

**"Жерге орналастыру" кәсіптік стандарты**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жерге орналастыру" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындау үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қолдануға арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ жер қатынасы саласындағы жұмыстарды атқаратын ұйымдарда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт пайдаланушылар пайдалану үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – жер қатынасы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсіну, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – жерге орналастыру саласындағы кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңарту, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

3) оқу орындары – жер қатынасы саласындағы мамандарды даярлау, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, жер қатынасы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығының өлшемшарттары, мониторингі және болжамы ретінде пайдаланылған үшін.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) жерге орналастыру – жердің жай-күйін зерделеу, жерді ұтымды пайдалануды және оларды қорғауды жоспарлау және ұйымдастыру, жерге орналастыру объектілерін жаңадан қалыптастыру және қолданыстағы жерге орналастыру объектілерін ретке

келтіру және олардың жергілікті жерлерде шекарасын белгілеу (аумақтық жерге орналастыру), азаматтар мен заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы өндірісі үшін жер учаскелерін ұтымды пайдалануын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жүйесі;

2) ортақ пайдаланудағы жерлер – жер заңнамасы бойынша қалаларда, кенттерде және ауылдық елді мекендерде халықтың мәдени және тұрмыстық қажеттіліктерін (саябақтар, орман саябақтары, скверлер, бақтар, желекжолдар, су айдындары, жағажайлар) қанағаттандыру үшін қатынас жолдары (алаңдар, көшелер, қиылыстар, өтетін жодар, жолдар, жағалаулар), кәдеге жаратылмаған өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге арналған полигондар, тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстарды өңдеу кәсіпорындары полигондары ретінде пайдаланылатын жерлерден және қаланың, кенттің, ауылдық елді мекеннің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын басқа да жерлерден тұрады.

3) су қорының жері – су объектілері алып жатқан жерлер, су объектілерінің су қорғау аймақтарының жерлері, сондай-ақ су бұру белдеулерін және су тартқыштарды, гидротехникалық құрылысжайларды және басқа да су шаруашылығы құрылысжайларын, объектілерді қорғау аймақтарын белгілеу үшін берілген жерлер;

4) орман қорының жері – орман жерлері (орман өсімдіктері өскен және өспеген, бірақ оны қалпына келтіруге арналған жерлер – ағаштар кесілген, өртенген, алаңқай, селдір ормандар және басқалар) және орман шаруашылығын жүргізуге арналған ағаш өспеген жерлер (соқпақтар, жолдар, батпақтар және басқалар);

5) елді мекендер-қоныстар жерлері – тұру, ғимараттар, құрылысжайлар салу, халықтың мәдени-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кеңістіктік базис ретінде пайдаланылатын жерлер;

6) ерекше қорғалатын аумақтардың жері – мемлекеттік органдардың қаулыларымен немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдерімен шаруашылық пайдаланудан және айналымнан толық немесе ішінара алынған және олар үшін ерекше құқықтық режим белгіленген ерекше табиғат қорғау, ғылыми, тарихи-мәдени, эстетикалық, рекреациялық, сауықтыру және өзге де құнды маңызы бар жерлер;

7) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – елдің азық-түлік қауіпсіздігін және халықтың әл-ауқатының деңгейін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығында өндіріс құралы болып табылатын топырақты және табиғи ресурсты қоса алғанда, қоршаған ортаның құрамдас бөлігі;

8) босалқы жер – жер құқығы бойынша меншікке, иеленуге, пайдалануға немесе жалға алуға берілмеген барлық жерлер. Оларға меншік, иелену және пайдалану құқықтары тоқтатылған (жер заңнамасына сәйкес) жерлер де жатады;

9) жер дауы – бұл жер қатынастарының барлық қатысушыларының процестік рәсімді және заң алдындағы теңдігін және сақтай отырып, жерге өз құқықтарын талқылау және дәлелдеу;

- 10) жерді жалға беру – жер пайдаланушы-жалға алушының осы жер учаскесінің меншік иесіне төлейтін тұрақты төлемі, яғни жерді жалдау төлемақысы;
- 11) жер телімі – иеленуші тегін немесе белгілі бір жер рентасына ақшалай немесе заттай нысанда берілетін жер учаскесі;
- 12) жер үлесі – жалпы жер алабындағы жеке азаматтарға мінсіз түрде немесе заттай түрде берілген жер учаскесі;
- 13) саяжай бірлестігінің жер учаскесі – азаматқа демалыс мақатында берілген немесе ол сатып алған жер учаскесі;
- 14) бақша өсіру бірлестігінің жер учаскесі – азаматқа жидек, көкөніс, бақша немесе басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары мен картоп өсіру үшін берілген немесе ол сатып алған жер учаскесі;
- 15) бағбандық бірлестігінің жер учаскесі – азаматқа демалыс және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін берілген немесе ол сатып алған жер учаскесі ( онда тұрғылықты жерін тіркеу құқығынсыз тұрғын үй салу және шаруашылық құрылыстары мен құрылысжайларды салу құқығымен);
- 16) жерді аймақтарға бөлу – жерді әртүрлі нысаналы мақсатымен және қорғау режимімен жер учаскелеріне бөлу. Жерді аймақтарға бөлу аумақтарды дамыту жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады;
- 17) кадастр – еліміздің экономикалық ресурстары туралы негізгі мәліметтерді мерзімді немесе үздіксіз байқаулар негізінде жүйеленген, ресми түрде жасалған жиынтық. Кадастр тиісті белгілер берілетін жылжымайтын мүлік учаскелерінің шекараларының топографиялық түсіріліміне негізделген;
- 18) кадастрлық карта – кадастрлық түсірілім нәтижесі. Жер иелерінің шартты белгілері бар жер пайдалану учаскелерінің шекараларын қамтитын жергілікті жердің ірі ауқымды картасы;
- 19) жер учаскесінің кадастрлық нөмірі – мемлекет аумағында қайталанбайтын, жер учаскесін және ондағы жылжымайтын мүлік объектілерін дараландыратын бірегей нөмірі;
- 20) жерді кадастрлық бағалау – бағалау жұмыстарының басқа түрлері сияқты ( нарықтық немесе инвестициялық құнды, сақтандыру құнын, сатып алу бағасын, ипотека құнын айқындау) жер учаскесінің ақшалай құнын белгілеу;
- 21) кадастрлық түсіру – жер учаскелері бойынша геодезиялық жұмыстарға мынадай анықтамалар жатады:
- 1) шекаралары мен межелік белгілері;
  - 2) салынған және абаттандырылған аумақтардың алаңы;
  - 3) қатты жабындылардың және көгалдардың болуы;
  - 4) құрылыстардың сипаттамалары;
  - 5) жер учаскесінің шекарасы бойынша даулар;

22) кадастрлық есеп –жер учаскесін сипаттау және дараландыру, нәтижесінде ол оны басқа жылжымайтын мүлік объектілерінен нақты ажыратуға мүмкіндік беретін сипаттамаларды алады;

23) кадастрлық құны – бұл үйдің немесе жер учаскесінің бағасы. Бұл сату кезінде алынған нарықтық құннан өзгеше болуы мүмкін;

24) жер санаты – негізгі нысаналы мақсаты бойынша бөлінген және белгілі бір құқықтық режимі бар біртұтас мемлекеттік жер қорының бір бөлігі;

25) жерге орналастыру объектісінің картасы (жоспары) жерге орналастыру объектісінің орналасқан жерін, өлшемін, шекараларын, жерге орналастыру объектісінің пайдалануда шектелген бөліктерінің шекараларын графикалық нысанда көрсететін құжат;

26) материалдық жер құқығы қатынасы – жер құқығы нормаларымен реттелетін, олардың қатысушыларының міндеттерін белгілейтін қоғамдық қатынас;

27) жерге орналастыру объектілерін белгілеу– жергілікті жерлерде муниципалды құрылымдардың және басқа да әкімшілік-аумақтық құрылымдардың шекараларын, жер учаскелерінің шекараларын осындай шекараларды белгілеу белгілермен және олардың орналасқан жерінің сипаттамасымен бекіте отырып, белгілеу жұмыстары;

28) көп мақсатты кадастр – кадастрлық түсірілімдер негізінде мүлік учаскелерін картаға түсіру және учаскелер мен олардың иелері туралы мәліметтердің тізілімдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылатын жерді сыныптау және бағалау жүйесі;

29) муниципалдық жер бақылауы – муниципалды құрылымдардың шекараларында жер заңнамасын бұзудың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша шараларды қабылдау арқылы жер құқығы тәртібін қамтамасыз ету;

30) жер мониторингі – жердің жай-күйін бақылау (барлау, түсіру және зерттеу) жүйесі. Жер мониторингінің объектілері мемлекеттің барлық жерлері болып табылады;

31) жылжымайтын мүлік учаскесін белгілеу – кадастрлық картада, кадастрлық тіркеулерде және мүлік учаскелерінің сипаттамасын қамтитын құқықтық құжаттарда жер учаскесін белгілеу;

32) қоғамдық жер бақылауы – бұл азаматтар мен олардың бірлестіктерінің атқарушы органдардың дайындық пен қабылдаудың белгіленген тәртібінің сақталуын тексеруді жүзеге асыру жөніндегі қызметі;

33) жерді қорғау – адам, қоғам және табиғат арасындағы өзара қарым-қатынастардың ең маңызды саласын сипаттайтын әлеуметтік-құқықтық институт. Бұл өзара қарым-қатынастардың әлеуметтік, табиғи-табиғаттық және құқықтық аспектілері бар.

34) рекультивациялау – адамның шаруашылық қызметінен бүлінген ландшафтты толық немесе ішінара қалпына келтіру;

35) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

36) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

37) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

38) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

39) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

40) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

41) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі қызмет түрі;

42) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

43) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

44) ақпараттық білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты беру сүйемелденбейтін білім беру түрі;

45) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарланған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

46) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

47) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және дағды.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;

3) БА – Біліктілік анықтамасы;

4) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;

5) КС – Кәсіптік стандарт;

- 6) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
  - 7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
  - 8) АЖЖ – Автоматтандырылған жобалау жүйесі;
- ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

9) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.04.2026 № 137 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- 9) ГАЖ – Геоақпараттық жүйе;
- 10) ЭҚТЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 11) МЖК – Мемлекеттік жер кадастры.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жерге орналастыру

5. Кәсіптік стандарттың коды: M079

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету: М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

71 Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет

71.2 Техникалық сынақтар мен талдаулар

71.20 Техникалық сынақтар мен талдаулар

71.20.9 Техникалық сынаулар мен талдауды жүзеге асыратын басқа да мекемелер қызметі

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

71 Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет

71.1 Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық консультация беру

71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салада техникалық консультация беру

71.12.7 Инженерлік-техникалық консультацияларды ұсыну бойынша қызмет

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

71 Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет

71.1 Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық консультация беру

71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салада техникалық консультация беру

71.12.4 Жерге орналастыру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Жерге орналастыруға қатысты негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ жерге орналастыру, жер және қалалық

кадастр бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарының графикалық бөлігін орындаумен, жобаларды жерге көшіру кезінде геодезиялық жұмыстарды орындаумен айналысатын жұмыскерлердің жұмыс сипаттамасы мен еңбек функциялары келтірілген.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Техник-геодезист - СБШ 4 деңгейі;
- 2) Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші - СБШ-ның 2 деңгейі;
- 3) Жерге орналастыру жөніндегі техник - СБШ-ның 4 деңгейі;
- 4) Геодезист - СБШ-ның 5 деңгейі;
- 5) Сызушы - СБШ-ның 3 деңгейі;
- 6) Жерге орналастыру жөніндегі инженер - СБШ-ның 6 деңгейі.

### 3- тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Техник-геодезист" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	3111-5		
Қызмет атауының коды:	3111-5-004		
Кәсіп атауы:	Техник-геодезист		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша қосалқы біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>"Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а.</p> <p>2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23760 болып тіркелген).</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта буын маманы )	Мамандық: Жерге орналастыру	Біліктілік: 4S07310201 Техник-геодезист
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта буын маманы )	Мамандық: Жерге орналастыру	Біліктілік: 4S07310201 Техник-геодезист
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіп)	Мамандық: Геодезия және картография	Біліктілік: 4S07310201 Техник-геодезист
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта буынмаман)	Мамандық: Геодезия және картография	Біліктілік: 4S07310203 Техник-картограф
Жоғары санатты техник-геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және бірінші санаттағы геодезист лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі;			

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	<p>Бірінші санатты техник-геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және екінші санаттағы геодезист лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық бойынша кемінде 4 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>Екінші санатты техник-геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және геодезист лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>Санаты жоқ техник-геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.</p>	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау және қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары	
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3113-2-001 - Техник-жобалаушы	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Геодезиялық жұмыстарды орындау	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жергілікті жерде дәл бөлу жұмыстарын орындау. Жергілікті жерде тірек нүктелерін байланыстыру.</li> <li>2. Геодезиялық аспаптарды текеру графиктерін әзірлеу, жобалауға техникалық тапсырмаларды дайындауға қатысу, геодезиялық аспаптарды пайдалана отырып, өлшеуді жүргізу.</li> <li>3. Жерге орналастыру кезінде топографиялық-геодезиялық жұмыстар жүргізу үшін бастапқы деректерді дайындау.</li> <li>4. Жерге орналастыру жобасын жер бетіне көшіру.</li> </ol>
	Қосымша еңбек функциялары:	Талап етілмейді
1-еңбек функциясы: Жергілікті жерде дәл бөлу жұмыстарын орындау. Жергілікті жерде тірек нүктелерін байланыстыру.	1-дағды: Заманауи геодезиялық аспаптарды пайдалану.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоспарлы-биіктік геодезиялық желіні триангуляция, полигонометрия, нивелирлеу және спутниктік өлшемдер әдістерімен жиілетілуді орындау.</li> <li>2. Жер учаскелерінің шекараларын жер бетіне шығаруды және оларды оранластырудың нақтылығын бақылауды қоса отырып, геодезиялық жұмыстардың кешенін жүзеге асыру.</li> <li>3. Қажетті геодезиялық өлшемдерді жүргізу және нормативтік талаптарға сәйкес далалық құжаттаманырәсімдеу.</li> <li>4. Геодеректерді өңдеу және сызбалар жасауға арналған бағдарламалық қамтамтылыммен жұмыс істеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геодезия, картография және жерге орналастыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері.</li> <li>2. Геодезиялық далалық және камералдық жұмыстар әдістемелері.</li> </ol>

		<p>3. Дәлдікті, өлшеу, әдістемесін, аспаптарды сақтау мен қызмет көрсетуді регламенттейтін стандарттар.</p> <p>4. Геодезиялық аспаптардың конструктивтік ерекшеліктері, туралау, тексеру және жөндеу қағидаттары.</p> <p>5. Жер пайдалану, координаттық жүйелер, проекциялар және масштабтар негіздері.</p> <p>6. Геодезиялық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өндірістік санитария және экология нормалары.</p> <p>7. Жұмыс нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптар (техникалық есептер, сызбалар, схемалар).</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
<p>2-еңбек функциясы: Геодезиялық аспаптарды тексеру графиктерін әзірлеу, жобалауға техникалық тапсырмаларды дайындауға қатысу, геодезиялық аспаптарды пайдалана отырып, өлшеуді жүргізу.</p>	<p>1-дағды: Геодезиялық аспаптарды тексеруді және калиберлеуді жүргізу. Жергілікті жерде өлшеулерді орындау үшін аспаптарды қолдану.</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Геодезиялық жабдықтарды тексеру және техникалық қызмет көрсету графикін жасау және жүргізу.</p> <p>2. Өлшеу аспаптарының дәлдігін тексеруді, туралауын және бақылауды жүргізу.</p> <p>3. Заманауи геодезиялық әдістерді пайдалана отырып өлшеуді және жобалық шешімдерді жерге шығаруды орындау далалық құжаттаманы жүргізуді жүзеге асыру.</p> <p>4. Далалық құжаттаманы ресімдеу және деректерді камералдық өңдеуге беру.</p> <p>5. Жобаның геодезиялық талаптарын ескере отырып, техникалық тапсырмаларды дайындау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Геодезия, картография және метрологиялық бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері.</p> <p>2. Техникалық аспаптарды тексеру, туралау және техникалық қызмет көрсету әдістемелері.</p> <p>3. Аспаптармен жұмыс істеу жөніндегі мемлекеттік стандарттар, регламенттер мен нұсқаулықтар.</p> <p>4. Тахеометрлердің, нивелирлердің, GPS/GNSS жабдықтарының конструкциялық ерекшеліктері.</p> <p>5. Геодезиялық аспаптарды пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі қағидалары.</p> <p>6. Техникалық тапсырмаларды әзірлеу және инженерлік-геодезиялық сүйемелдеу тәртібі.</p>
<p><b>ЗҚАИ-ның ескертпесі!</b> "3-еңбек функциясы:" деген жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.04.2026 № 137 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.</p>	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
		<p>Машықтар:</p> <p>1. Деректерді әртүрлі көздерден (кадастрлық, картографиялық, мұрағаттық және тағы басқа) алу, жүйелеу және талдау.</p>

<p>3-еңбек функциясы: Жерге орналастыру кезінде топографиялық-геодезиялық жұмыстар жүргізу үшін бастапқы деректерді дайындау</p>	<p>1-дағды: Жерге орналастырудың заманауи бағдарламалық қамтылуын (AutoCAD, ArcGIS және тағы басқа) пайдалану.</p>	<p>2. Геодеректерді өңдеу және визуализациялау үшін бағдарламалық құралдарды (МАЖ, АЖЖ) қолдану. 3. Техникалық құжаттаманы дайындау кезінде анықтамалық және нормативтік материалдарды пайдалану. 4. Цифрлық карталармен және кеңістіктік деректер базаларымен жұмыс істеу. 5. Жерге орналастыру жобаларын дайындауға арналған бастапқы материалдарды дайындау.</p> <p>Білімдер: 1. Жерге орналастыру және геодезия саласындағы заңнамалық, нормативтік және әдістемелік құжаттар. 2. Техникалық құжаттаманы ресімдеу бойынша стандарттар, нұсқаулықтар мен қағидалар. 3. Картографиялық және геодезиялық терминология негіздері. 4. Геодезиялық аспаптар мен цифрлық өлшеу кешендерінің жұмыс істеу негіздері. 5. Геодезиялық жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы және экологиялық қауіпсіздік талаптары. 6. Жерге орналастыруда МАЖ және АЖЖ жүйелерінің жұмыс істеу қағидаттары мен қолдану ерекшеліктері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>4-еңбек функциясы: Жерге орналастыру жобасын жер бетіне көшіру.</p>	<p>1-дағды: Шығару жұмыстарын дайындау және іске асыру үшін жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламалық құралдарды қолдану</p>	<p>Машықтар: 1. Бағдарламаларды (AutoCAD, Civil 3D, ArcGIS, MapInfo) пайдалана отырып шығарылған нүктелер координаттарын есептеу. 2. Жобаны жер бетіне көшіру үшін қажетті графикалық және графикалық материалдарды дайындау. 3. Геодезиялық аспаптарды қолдана отырып, жобалық шешімдерді жергешығару жұмыстарын жүзеге асыру. 4. Жобаның нақты жердегі объектілердің орналасуына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру. 5. Далалық құжаттаманы жүргізу және енгізу нәтижелерін тіркеу.</p> <p>Білімдер: 1. Жерге орналастыру және кадастр саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер. 2. Жобаны жерге шығару әдістемелері мен қағидалары, сондай-ақ геодезиялық аспаптарды пайдалану. 3. Шығару схемаларын және координаттық кестелерді дайындауға арналған бағдарламалық құралдар. 4. Атқарылған құжаттаманы ресімдеу стандарттары.</p>

		5. Далалық геодезиялық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік қағидалары. 6. Координаттық жүйелердің ерекшеліктері және жер бетіндегі координаттарды трансформациялау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі: :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Сыпайылық Мейірімділік Парасаттылық Сыни ойлау	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. 3. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 4. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 5. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. ҚР ҚН 1.03-05 Құрылыс саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау. 7. ҚР ҚН 1.03-06 Құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитарияның жалпы қағидалары. 8. ҚР ҚН 1.02-01 Типтік жобалау. 9. ҚР ҚН 1.03-03 Құрылыс саласындағы геодезиялық жұмыстар. 10. ҚР ҚН 2.02-01 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:
	5	Геодезист
10. "Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші" кәсіп карточкасы		
Топ коды:	7340-0	
Қызмет атауының коды:	7340-0-002	
Кәсіп атауы:	Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2	
СБШ бойынша қосалқы біліктілік деңгейі:		
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (5, 11, 13, 15, 17, 19-шығарылымдары) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 191 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15924 болып тіркелген). 26-параграф. Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші, 2-разряд 27-параграф. Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші, 3-разряд	

	28-параграф. Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші, 4-разряд 29-параграф. Топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарда өлшеуші, 5-разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы мамандықтары)	Мамандық: Архитектура	Біліктілік: 4S07310102 Техник-жобалаушы
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта буын маманы )	Мамандық: Архитектура	Біліктілік: 3W07310101 Графикалық жұмыстарды орындаушы
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы мамандықтары)	Мамандық: 07310100 Жерге орналастыру	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	практикалық тәжірибесіз		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3111-4-003 - Жерге орналастыру жөніндегі техник 3111-4-007 - Кадастр және жерге орналастыру бойынша техник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар үшін дәл өлшеулерді қамтамасыз ету және дала деректерін беру.		
<b>Еңбек функцияларының сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Инженер-техникалық қызметкердің басшылығымен далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қосалқы операцияларды орындау. 2. Геодезиялық негіздеу пункттерін орналастыруға қатысу. 3. Далалық өлшеулерді жүргізу үшін жабдықтарды, мүкәммалдарды және белгілеу материалдарын дайындау. 4. Кейіннен камералдық өңдеу үшін далалық өлшеу деректерін жинау, сақтау және беру	
	Қосымша еңбек функциялары:	Талап етілмейді	
		Машықтар: 2-разрядқа арналған машықтар 1. Ағаштан жасалған белгілерді, қазықтар мен кадаларды және басқа да қосалқы жабдықтарды дайындау. 2. Қарапайым ұсталық және бояу жұмыстарын орындау. 3. Өлшеу тұстамасын орнатуға және бөлшектеп алу жұмыстарына қатысу. 3-разрядқа арналған машықтар	

<p>1-еңбек функциясы: Инженер-техникалық қызметкердің басшылығымен далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қосалқы операцияларды орындау.</p>	<p>1-дағды: Далалық жұмыстар кезінде жабдықтар мен мүкәммалдарды дайындау және пайдалану</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геодезиялық пункттерді орнату жұмыстарына қатысу.</li> <li>2. Өлшеу және гидрометриялық тұстамаларды орнату.</li> <li>3. Қарапайым өлшемдер мен нивелирлеуді орындау.</li> <li>4. Нүктелерді жер ортасына түсіру кезінде көмек көрсету. 4-разрядқа арналған машықтар</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Топографо-геодезиялық түсірілімдерге қатысу.</li> <li>2. Аспаптармен жұмыс істеу: теодолит, нивелир, тахеометр (жетекшілікпен).</li> <li>3. Өлшеу нәтижелерін тіркеу және беру.</li> <li>4. Камералық өңдеуге қатысу.</li> </ol> <p>5-разрядқа арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оптикалық құралдарды қолдана отырып, жоғары дәлдік өлшеулер жүргізу.</li> <li>2. Конструкциялардың (бағандар, колонналар, блоктар) геометриясын тексеру.</li> <li>3. Жобалық белгілер мен осьтерді жерге шығару.</li> <li>4. Атқарушы сызбалар мен профильдерді жасау.</li> </ol> <p>Білімдер: 2-разрядқа арналған білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ізденістер мен арна жұмыстарының тағайындалуы туралы жалпы мәліметтер.</li> <li>2. Қолданылатын мүкәммалдар мен материалдардың түрлері.</li> <li>3. Арқандап байлау, дала және такелаж жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік қағидалары.</li> <li>4. Ішкі еңбек тәртібі. 3-разрядқа арналған білімдер</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геодезиялық өлшеулер мен тірек желілерінің негіздері.</li> <li>2. Қарапайым өлшеу құралдарының тағайындалуы және қолданылуы.</li> <li>3. Топографиялық жұмыстардың негіздері.</li> <li>4. Өлшеулер кезіндегі қауіпсіздік техникасы. 4-разрядқа арналған білімдер</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. түсірілімдердің тағайындалуы және орындау тәртібі.</li> <li>2. Өлшеу аспаптарының жұмыс істеу қағидааттары.</li> <li>3. Нүктелерді бекіту және байлау тәсілдері.</li> <li>4. Деректерді камеральдық өңдеудің негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құрылыс алаңында геодезиялық өлшеулерді жүргізу қағидалары.</li> <li>2. Тік көру аспаптарымен жұмыс істеу.</li> <li>3. Атқарушы құжаттаманы ресімдеу қағидалары.</li> <li>4. Құрылыс объектілерінің жоспарлық және биіктік түсіру тәртібі.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар: 2-разрядқа арналған машықтар</p>

<p>2-еңбек функциясы:          Геодезиялық негіздеу пункттерін орналастыруға қатысу.</p>	<p>1- дағды:          Қадаларды, белгілерді, орталықтар мен бағдарларды орнату.</p>	<p>1. Геодезиялық пункттерді орнатуға жер бетін дайындау.          2. Ағаш қазықтарды, қадалар мен белгілерді дайындау.          3. Жер бетіндегі нүктелерді бекітуге қатысу. 3-разрядқа арналған машықтар          1. Геодезиялық аспаптарды орнату және бағыттау.          2. Маманның нұсқауымен өлшеу жұмыстарын орындау.          3. Пункттердің координаттарын беруге көмек көрсету. 4-разрядқа арналған машықтар          1. Пункттерді жерге байланыстыра отырып орнату және белгілеу.          2. Тахеометрді, нивелирді қолдана отырып, бақылау және өлшеу жүргізу.          3. Координаттарды тіркеу және оларды камералдық өңдеуге беру. 5-разрядқа арналған машықтар          1. Жоғары дәлдіктегі геодезиялық өлшеулерді жүргізу.          2. Номограммаларды пайдалана отырып, тірек пункттері координаттарын айқындау.          3. Инженердің басшылығымен пункттерді жерге шығару жұмыстарына қатысу.</p> <p>Білімдер:          2-разрядқа арналған білімдер          1. Геодезиялық негіздеу пункттерінің мақсаты.          2. Бекітуге арналған материалдар мен белгілердің түрлері.          3. Жерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының негіздері. 3-разрядқа арналған білімдер          1. Қарапайым геодезиялық аспаптардың жұмыс істеу қағидаттары.          2. Жер бетіндегі бағдарлау тәсілдері.          3. Пункттерді орнату дәлдігіне қойылатын талаптар. 4-разрядқа арналған білімдер          1. Геодезиялық пункттерді орнату мен өлшеудің әдістері.          2. Тахеометрді, нивелирді, қашықтық өлшегішті қолдану.          3. Тірек пункттерді бекіту мен дәлдікке қойылатын талаптар. 5-разрядқа арналған білімдер          1. Геодезиялық желілерді құрудың жоғары дәлдіктегі әдістері.          2. Тік көру аспаптарын қолдану қағидалары.          3. Пункттерді орнату деректерін ресімдеу және беру.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар:          2-разрядқа арналған машықтар</p>

<p>3-еңбек функциясы: Далалық өлшеулерді жүргізу үшін жабдықтарды, мүкәммалдарды және белгілеу материалдарын дайындау.</p>	<p>1-дағды: Өлшеу жұмыстарын жүргізу кезінде геодезиялық жабдықтар мен қосалқы материалдарды дайындау және пайдалану</p> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>1. Далалық жұмыстарға қажетті мүкәммалды дайындау және жинақтау. 2. Қарапайым белгілеу материалдарын (қазықтар, белгілер) дайындау. 3. Негізгі жабдықтардың жарамдылығын тексеру. 3-разрядқа арналған машықтар 1. Жабдықтардың толықтығы мен жұмысқа жарамдылығын тексеру. 2. Нұсқаулыққа сәйкес жабдықтарды дайындау және баптау. 3. Аспаптарға қарапайым техникалық қызмет көрсетуді орындау. 4-разрядқа арналған машықтар 1. Геодезиялық жабдықтарға сапалы техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. 2. Далалық өлшеулерге арналған аумақты белгілеуді ұйымдастыру. 3. Мүкәммалдың жарамдылығы мен дұрыс пайдаланылуын бақылау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Геодезиялық аспаптарды туралауды және тексеруді жүргізу. 2. Күрделі арнайы жабдықтарды дайындау. 3. Дайындық жұмыстарын үйлестіру және техникалық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету.</p> <p>Білімдер: 2-разрядқа арналған білімдер 1. Мүкәммалдар мен белгілеу материалдарының түрлері мен мақсаттары. 2. Қарапайым жабдықтарға күтім жасау және сақтау негіздері. 3. Мүкәммалды дайындау кезіндегі қауіпсіздік қағидалары. 3-разрядқа арналған білімдер 1. Жабдықтардың техникалық сипаттамалары және оларға қойылатын талаптар. 2. Аспаптарды дайындау және баптау негіздері. 3. Жабдықтың жарамдылығын тексеру тәртібі. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Геодезиялық жабдықтардың жұмыс істеу қағидаттары, қызмет көрсетуі және сақталуы. 2. Белгілеуді ұйымдастыру және түгендеу қағидалары. 3. Аспаптарға қойылатын сапа стандарттары мен техникалық талаптар. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Геодезиялық аспаптарды тексеру және туралау әдістері. 2. Өлшеу дәлдігіне қойылатын техникалық нормалар мен стандарттар. 3. Жабдық сапасын бақылаудың заманауи әдістері.</p> <p>Талап етілмейді</p>
--	---	--

4-еңбек функциясы:  
Кейіннен камералдық өңдеу үшін далалық өлшеу деректерін жинау, сақтау және беру

1-дағды:  
Далалық құжаттамаға қойылатын белгіленген талаптарды сақтай отырып, өлшеу нәтижелерін ресімдеу және беру.

Машықтар:

2-разрядқа арналған машықтар

1. Маманның басшылығымен далалық деректерді жинау.

2. Өлшеулерді арнайы журналдар мен бланкілерге жазу.

3. Жиналған деректердің сақталуын қамтамасыз ету.

3-разрядқа арналған машықтар

1. Жиналған деректердің дұрыстығы мен толықтығын тексеру.

2. Деректерді камералдық бөлімге тапсыру үшін дайындау.

3. Далалық өлшеулерді есепке алуды және бақылауды жүргізу.

4-разрядқа арналған машықтар

1. Далалық деректерді жүйелеуді және мұрағаттау жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Бастапқы талдауды және деректердегі қателерді тексеруді жүзеге асыру.

3. Деректерді камералдық өңдеуге беруді үйлестіру.

5-разрядқа арналған машықтар

1. Камералдық өңдеуге арналған деректерді жинау және дайындау жұмыстарын басқару.

2. Далалық деректерге кешенді тексеруді және сапа бақылауды жүргізу.

3. Құжаттаманы нақты ресімдеуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Далалық жазбалар мен журналдарды жүргізуге қойылатын негізгі талаптар.

2. Өлшеу деректерін сақтау және тасымалдау қағидалары.

3. Далалық өлшеулер түрлері мен олардың мақсаты.

3-разрядқа арналған білімдер

1. Деректердің толықтығы мен дұрыстығын тексеру әдістемелері.

2. Өлшеулер бойынша есеп пен есептілікті ұйымдастыру.

3. Камералдық өңдеу үшін деректерді беру қағидалары.

4-разрядқа арналған білімдер

1. Геодезиялық деректерді жүйелеу және мұрағаттау технологиясы.

2. Деректерді бастапқы өңдеу және бақылау әдістері.

3. Қосымша құжаттаманы ресімдеу талаптары.

5-разрядқа арналған білімдер

1. Геодезиялық деректердің сапасы мен толықтығына қойылатын нормативтік талаптар.

2. Деректерге кешенді бақылау және талдау технологиясы.

3. Камералдық өңдеудегі құжат айналымын ұйымдастыру.

	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Тәртіптілік Сыпайылық Мейірімділік Парасаттылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. 3. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 4. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 5. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. ҚР ҚН 1.03-05 Құрылыс саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау. 7. ҚР ҚН 1.03-06 Құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитарияның жалпы қағидалары. 8. ҚР ҚН 1.02-01 Типтік жобалау. 9. ҚР ҚН 1.03-03 Құрылыс саласындағы геодезиялық жұмыстар. 10. ҚР ҚН 2.02-01 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	4	Техник-геодезист	
11. "Жерге орналастыру жөніндегі техник" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	3111-4		
Қызмет атауының коды:	3111-4-003		
Кәсіп атауы:	Жерге орналастыру жөніндегі техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша қосалқы біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта буын маманы )	Мамандық: Жерге орналастыру	Біліктілік: 4S07310302 Техник-жерге орналастырушы
	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Жерге орналастыру	Біліктілік: 4s07310302 Техник-жерге орналастырушы
	Білім деңгейі:		Біліктілік:

	ТЖКБ (орта буын маманы )	Мамандық: Жерге орналастыру	4S07310302 Техник-жерге орналастырушы
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	<p>I санатты техник-жерге орналастырушы: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім және II санатты техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>II санатты техник-жерге орналастырушы: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім және санатсыз техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;</p> <p>Санаты жоқ техник-жерге орналастырушы: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.</p>		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3111-4-002 - Жер кадастры жөніндегі техник 3111-4-005 - Кадастр жөніндегі техник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жерге орналастыру және кадастрлық құжаттарды дайындау арқылы жерді тиімді пайдалану және ресімдеу –.		
<b>Еңбек функцияларының сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жерге орналастыруды жобалау үшін бастапқы деректерді дайындау.</li> <li>2. Жерге орналастыру жобаларын әзірлеу және ресімдеу.</li> <li>3. Материалдарды камералдық өңдеу.</li> <li>4. Жерге орналастыру құжаттамасын жасау.</li> </ol>	
	Қосымша еңбек функциялары:	Талап етілмейді	
1-еңбек функциясы: Жерге орналастыруды жобалау үшін бастапқы деректерді дайындау	1-дағды: Материалдарды жинау, жүйелеу және ресімдеу	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дала зерттеулерінің материалдарын, жоспарларды , схемаларды және актілерді жинау.</li> <li>2. Жобалау үшін материалдардың жарамдылығын бағалау.</li> <li>3. Бастапқы құжаттаманы жүргізу және ведомостіні толтыру.</li> </ol> <p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жерне орналастыру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар.</li> <li>2. Кеңістік ақпарат көздері.</li> <li>3. Геодезия және картография негіздері.</li> </ol>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді	
2-еңбек функциясы:	1-дағды:	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жер пайдалану схемаларын, жоспарларын әзірлеу .</li> <li>2. Нормалар мен стандарттар бойынша сызбаларды ресімдеу.</li> <li>3. Келісу нәтижелері бойынша түзетулер енгізу.</li> </ol>	
		<b>Білімдер:</b>	

Жерге орналастыру жобаларын әзірлеу және ресімдеу.	Жобалау-графикалық құжаттамамен жұмыс істеу	1. Жобалау бойынша ҚНЖҚ, МЕМСТ. 2. Жерге орналастыру және жер пайдалану негіздері. 3. Шартты белгілер, масштабтау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
3-еңбек функциясы: Материалдарды камералдық өңдеу.	1-дағды: Мамандандырылған бағдарламалық қамтамтылымды пайдалану	Машықтар: 1. AutoCAD, ArcGIS бағдарламаларында далалық деректерді өңдеу. 2. Аудандарды, ұзындықтарды және координаттарды есептеу. 3. Экспликациялар мен сызбаларды жасау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. АЖЖ/МАЖ бағдарламаларының функциялары мен интерфейстері. 2. Өлшеулердің математикалық өңдеу негіздері. 3. Камералдық өңдеу әдістемелері.
4-еңбек функциясы: Жерге орналастыру құжаттамасын жасау.	1-дағды: Жобаның мәтіндік және графикалық бөлігін дайындау	Машықтар: 1. Шаблондар бойынша құжаттаманы толтыру. 2. Келісу және бекіту үшін құжаттарды дайындау. 3. Жерге орналастыру жобаларының архивін жүргізу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Білімдер: 1. Жерге орналастыру құжаттамасының үлгілері мен нысандары. 2. Әкімшілік-аумақтық бөлініс. 3. Жобаларды ресімдеу регламенттері.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. 3. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 4. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 5. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. ҚР ҚН 1.03-05 Құрылыс саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау. 7. ҚР ҚН 1.03-06 Құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитарияның жалпы қағидалары.	

	8. ҚР ҚН 1.02-01 Типтік жобалау. 9. ҚР ҚН 1.03-03 Құрылыс саласындағы геодезиялық жұмыстар. 10. ҚР ҚН 2.02-01 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	3	Сызушы	
12. "Геодезист" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	2165-1		
Қызмет атауының коды:	2165-1-001		
Кәсіп атауы:	Геодезист		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша қосалқы біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Геодезия және картография	Біліктілік: Геодезия және картография техникасы мен технологиялары (қолданбалы бакалавриат)
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Геодезия және картография	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	<p>Жоғары санатты геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және бірінші санаттағы геодезист лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;</p> <p>Бірінші санатты геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және екінші санаттағы геодезист лауазымында жұмыс өтілі кемінде 2 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 4 жыл;</p> <p>Екінші санатты геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі және геодезист лауазымында жұмыс өтілі кемінде 1 жыл немесе тиісті мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;</p> <p>Санаты жоқ геодезист: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) геодезия және картография білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.</p>		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	2165-1-006 - Инженер-геодезист 1310-1-007 - Бас геодезист (ауыл шаруашылығында)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Геодезиялық тапсырмаларды ұйымдастыру, жоспарлау және орындау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, геодезиялық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеуді орындау.</li> <li>2. Жерге орналастырудаарнайы мақсаттағы геодезиялық жұмыстарды жүргізу.</li> <li>3. Жерге орналастыру және кадастр құжаттамасын дайындау.</li> <li>4. Жерлерді зерттеп-қарауды жүргізу және олардың жай-күйін бағалау.</li> </ol>
	Қосымша еңбек функциялары:	Талап етілмейді
